

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Екі таңбалы сандарды салыстыру.

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/72863/>

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың атауы: 2.А. 20 көлеміндегі сандарды қосу және азайту Сынып : 1 «Ә» Сабақтың тақырыбы : Екі таңбалы сандарды салыстыру. Күні: 22.11.2018</p>	<p>Мектеп: №25 орта мектеп аты-жөні: Макытаева. Толкын Турсынгазиевна Қатысқандар: Қатыспағандар: жоқ</p>	<p>Мұғалімнің</p>
<p>Оқу мақсаттары:</p>	<p>1.1.1.2. Екі таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру . 1.5.2.2. «+», «-», «=» белгілерін пайдалану.</p>	
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>а) Екі таңбалы сандарды оқиды, жазады, салыстырады және. «+», «-», «=» белгілерін пайдаланады. в) 20 көлеміндегі сандардың құрамын біледі с) Суретке қарай отырып өз бетімен есеп құрастырады.</p>	
<p>Бағалау критерийі Ойлау деңгейінің деңгейі: Білу.Түсіну.Қолдану.Талдау.</p>	<p>«+», «-», «=» белгілерін орынды пайдалана алады; Екі таңбалы сандарды оқиды , жазады, салыстырады;</p>	
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Ондық, бірлік.</p>	
<p>Құндылықтарға дамыту</p>	<p>Құрметтеуге, бірінің сөзін бірі тыңдауға үйрету;</p>	
<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>Музыка «Көңілді күн» әні сергіту сәтінде пайдаланамын.</p>	
<p>АКТ қолдану дағдылары</p>	<p>Интербелсенді тақтамен жұмыс.</p>	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
---------------------------------	----------------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p> <p>3- мин</p>	<p>Психологиялық ахуал. Математика керек әр күнге, Математика қажет өмірде Математиканы оқимыз Миымызға тоқимыз</p> <p>Топқа бөлу: 1-топ үшбұрыш 2-топ тіктөртбұрыш 3-топ шаршы</p>	<p>Шаттық шеңбер</p> <p>Геометриялық пішіндер</p>
------------------------------------	---	---

<p>Білу</p> <p>Сабақтың ортасы:</p> <p>27 мин</p> <p>Талдау</p>	<p>Оқушылармен өткен сабақтар бойынша тапсырмалар. Алманың суреті бар қағазда тапсырмалар. «Алма кетті домалап..» ойынын ойнату. Ойынның шарты: Алма кетті домалап, Өзен бойын жағалап, Кім алманы қуады, Сол алманы алады,- деп мұғалім кезегі келген оқушыға алманы береді. Алманы алған оқушыға тапсырманы оқып беру. Ойынды алудағы мақсатым: оқушының оқуға деген қызығушылығы арттыру, оқушы сандардың айтылуын, жазылуын, құрамын пысықтату. Топтық жұмыс: Белсенді оқыту түрі: Нұсқау беру және айту. 1-топқа: Қарлығаш пен Асхаттың қарындаштарын сана, салыстыр. 2-топқа: 1-ден 20ға дейінгі сандардан сандық сәуле құрастыр. 3-топқа: Машиналарда жазылған сандарды салыстыр. Дескриптор: 1-ден 20-ға дейінгі сандарды салыстырады, жазады. Сандық сәуле құрастырады. Артық,кем, тең белгісін қоя алады. ҚБ:»Отшашу» әдісі арқылы бағалаймын.</p> <p>Ширату жаттығуы: «Көңілді күн»</p> <p>Жүппен жұмыс: <i>Саралау әдісі «Қорытынды» тәсілі.</i> <i>Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады</i> Оқушыларға тапсырмалар тарату. Жүппен орындауын қадағалау. Орындалған тапсырманы тақтадағы қалтахатка салу. ҚБ: «Смайлик» бағалаймын. Ойын: «Артық, кем,тең» Сөйлеу кезінде “артық”, “кем”, “тең” сөздерін қолдану дағдысын бекітуге арналған ойын ұйым-дастырыңыз. Тірек сөздермен әмір беретініңізді айтыңыз. “Артық!” деп әмір бергенде — оқушылар аяқтарының ұшына тұрып, қолын жоғары көтеруі тиіс. “Кем!” деп әмір бергенде — оқушылар жүрелеп отырады да, тізесін қолымен құшақтайды. “Тең!” дегенде — оқушылар қолдарын жанына қойып тұзу тұрады.</p>	<p>Қарындаштар Сандық сәуле сызылған кесінді парақтар.</p> <p>Бейне ролик</p>
---	---	--

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.